

**«БЕКІТЕМІН»  
«ШҚО кәсіптік білім беру  
орталығы» КММ  
директоры**

\_\_\_\_\_ **А. Ақылбек**  
« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ **2020 ж.**

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Күніне арналған  
облыстық қашықтық Үздік эссе байқауының**

**ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен, 2020

## **1. Жалпы ережелер**

1.1 Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған Үздік эссе байқауы (бұдан әрі – байқау) Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні аясында өткізіледі.

1.2. Конкурсты өткізу шарттары, жұмыстарды бағалау, конкурс жеңімпаздарын іріктеу және марапаттау өлшемшарттары мен тәртібі осы ережеде айқындалады.

1.3 Байқаудың ұйымдастырушысы «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ, тілдік пәндер оқытушыларының облыстық әдістемелік бірлестігі.

## **2. Байқаудың мақсаты мен міндеттер**

2.1 Байқаудың мақсаты:

– техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының студенттерін шығармашылық қызметке тарту.

2.2 Байқаудың міндеттері:

– үздік эсселерді анықтау;  
– студенттердің шығармашылық қабілеттерін ашу;  
– жастардың бойында патриоттық сананы, ел тарихына қатыстылықты тәрбиелеу.

## **3. Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар**

3.1 Байқауға облыстың техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі оқу орындарының студенттері қатысады.

3.2 Байқауға қатысушы байқауға қатысу үшін тек бір жұмысты қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде беруге құқылы.

3.3 Конкурстық эссе Интернет желісінде немесе басқа да жалпыға қолжетімді көздерде жарияланбауы тиіс.

Эссені қатысушының өзі жазуы керек.

## **4. Конкурс жұмыстарын ұсыну тәртібі мен талаптары**

4.1 Байқау **2020 жылдың 17 қарашасынан 02 желтоқсанына** дейін өткізіледі.

4.2 Байқауға қатысу үшін өтінім жолдау қажет: тегі, аты, әкесінің аты, колледж атауы, мамандығы, курсы, тобы, байланыс телефондары, e-mail поштасы (1-қосымша). Барлық жұмыстарды конкурсты ұйымдастырушы тіркейді.

4.3 Форма мен мазмұнның бірлігі, мағыналық тұтастығы, баяндаудың үйлесімділігі мен қисындылығы, тілдік, лексикалық, грамматикалық және орфографиялық нормалардың сақталуы ескеріледі.

4.4 Байқау жұмысының титулдық беті Times New Roman қарпімен, 14 өлшемімен, 1 см интервалмен рәсімделуі тиіс.

Байқау жұмысы Microsoft Word мәтіндік редакторында, Times New Roman шрифтінде, өлшемі - 14, интервалы - 1 см болуы керек.

Конкурстық жұмыс көлемінде А4 форматындағы 2-3 баспа бетке дейін рұқсат етіледі (титул парағы мен пайдаланылған әдебиеттер тізімін қоспағанда), мәтіндік материалды әр бетте нөмірлеу қажет.

4.5 Конкурстық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әліпби реті бойынша ресімделуі тиіс және әдебиеттердің реттік нөмірі мәтінде сілтеме түрінде көрсетілуі тиіс.

#### 4.6 Эссе тақырыптары:

- «Еуразия кіндігінде ұлт пен ұлысты сүттей ұйытқы болған Тұңғыш Президент Елбасының ерен еңбегі»;
  - «Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанның мемлекет ретінде даму жолында қойылған саясаты»;
  - «Тұңғыш Президенттің Ұлы далада Мәңгілік Ел орнату идеясы»;
  - «Менің елім-менің тұңғыш Президентім»;
  - «Тұңғыш Президент – тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізі салушы»;
  - «Кәсіби мемлекет құру жолындағы Тұңғыш Президенттің ролі»;
- Байқауға қатысушылар конкурстың негізгі мақсатына сәйкес келетін өз тақырыптарын ұсына алады.

## 5. Конкурстық жұмыстарды бағалау

5.1. Конкурстық жұмыстарды бағалау құрамына конкурсты ұйымдастырушылар және ШҚО колледждерінің тілдік пәндер оқытушылары кіретін комиссия жүзеге асырады.

5.2. Конкурс комиссиясы конкурсқа ұсынылған жұмыстарды бағалайды және келесі өлшемдерге сәйкес жеңімпаздарды марапаттау және көтермелеу туралы шешім шығарады:

- 1) байқау тақырыбына сәйкестігі;
- 2) конкурстың мақсаттарына сәйкес баяндаудағы логика;
- 3) тақырыпты ашудың толықтығы мен тереңдігі;
- 4) өзектілігі;
- 5) пікірлердің дербестігі, тақырыпқа жеке көзқарастың көрінісі;
- 6) безендірудің бірегейлігі мен эстетикасы.

## 6. Қорытынды шығару және конкурсқа қатысушыларды марапаттау

6.1 Байқауды өткізу мерзімі: **2020 жылғы 17 қараша-02 желтоқсан.**

**1-кезең: 2020 жылдың 17 қарашасынан 28 қарашасына** дейін жұмыс қабылдау (әр эссе тіркеу нөмірін алады);

**2-кезең: 30 қараша 2020 ж.** – жұмыстарды тексеру, конкурс қорытындысын шығару.

6.2 Комиссия дауыс беру арқылы үздік эссені анықтап, конкурстың нәтижелерін хаттамаға сәйкес қорытындылайды.

6.3 Facebook, Instagram әлеуметтік желілерінде және ШҚО кәсіптік білім беру орталығының сайтында **2020 жылдың 2 желтоқсанында** конкурс нәтижелерінің қорытындылары жарияланады.

6.4 Байқау жеңімпаздары ШҚО кәсіптік беру орталығының 1, 2, 3 дәрежелі дипломдарымен және кітаптармен марапатталады.

## 7. Байланыс ақпараты

Конкурстық жұмыстар келесі электрондық мекенжайларға ұсынылады **tipo.metod@mail.ru, orazbaeva\_gauhar@mail.ru**. Қосымша ақпарат үшін байланыс телефондары: 8/7232 / 750-090 (ШҚО КББ орталығының білім беру процесін әдістемелік сүйемелдеу бөлімі), 87771558235 (Воронина Нәллія Владимировна, әдіскер), 87779806565 (Оразбаева Гаухар Долдашевна, ОӘБ төрайымы).

**Өтінім нысаны**

№	Аты-жөні	Колледждің атауы, мамандығы, тобы, курсы	Байланыс телефондары, электрондық поштасы	Эссе тақырыбы
1				
2				